



БҮЙРЫҚ

03 мамыр 2022 ж
Доссор кенті

ПРИКАЗ

№ 38
п. Доссор

**2021 – 2022 оқу жылын аяқтау
және орта білім беру ұйымдарының
білім алушыларын қорытынды
аттестаттаудан өткізу туралы**

Атырау облысы білім беру басқармасының 2022 жылдың 27 сәуірдегі №129 санды бұйрығын және Мақат аудандық білім бөлімінің 2022 жылдың 28 сәуірдегі №193 бұйрығын басшылыққа ала отырып, **БҮЙЫРАМЫН:**

1. «2021 – 2022 оқу жылының аяқталуы және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі №159 бұйрығы басшылыққа алынсын.

2. Оқу жылын аяқтауға арналған мектепшілік іс-шаралар жоспары бекітілсін. (1-қосымша).

3. Қорытынды аттестаттау емтихандарын өткізу кестелері мен емтихан алушылар құрамы бекітілсін. (2 қосымша)

4. Негізгі мектепті бітіргені туралы аттестат пен орта мектепті бітіргені туралы аттестаттарды толтыру үшін комиссия құрамы бекітілсін. (3 қосымша)

5. «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5191 болып тіркелген) Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларының талаптарының толық сақталуын директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.О.Аманиязоваға жүктелсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп-интернат директоры:



С.Б.Беріков